

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Американ-қазақ іскерлік ынтымақтастығының мәселелері жөніндегі арнайы консультативтік топ туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 11 қарашадағы N 3760 Өкімі . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

АҚШ пен Қазақстан арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту мен нығайту мақсатында :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Американ-қазақ іскерлік ынтымақтастығының мәселелері жөніндегі арнайы консультативтік топ құрылсын және оның құрамы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Американ-қазақ іскерлік ынтымақтастығының мәселелері жөніндегі арнайы консультативтік топ туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1997 жылғы

11 қарашадағы

N 3760

өкімімен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Американ-қазақ іскерлік ынтымақтастығының мәселелері жөніндегі арнайы консультативтік топтың құрамы

Дуэйн О.Андреас	- "Арчер Дэниэлс Мидланд"
Ганс Бекерер	- "Дир және компания"
Ричард Чейни	- "Халлибуртон" компаниясы
Кеннет Дерр	- "Шеврон" компаниясы
Пол Дж.Фрибург	- "Континентал Грейн"
Джон Б.Хесс	- "Амерада Хесс"
Уильям Дж.Лоури	- "Амоко" корпорациясы
Люсио А.Ното	- "Мобил" корпорациясы
Юджин Р.Маркгарт	- "Консолитейд Эдисон"

Питер Дж.Петерсон
Дэвид Рокфеллер

- "Блекстоун" тобы
- Шет елдермен байланыстар
жөніндегі кеңес

Стивен Волк - "Шерман және Стерлинг" фирмасы
Қазақстан Республикасы

Президентінің
1997 жылғы 11 қарашадағы
N 3760 өкімімен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Американ-қазақ іскерлік ынтымақтастығының мәселелері
жөніндегі арнайы консультативтік топ туралы
Ереже**

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Американ-қазақ іскерлік ынтымақтастығының мәселелері жөніндегі арнайы консультативтік топ (бұдан былай - Топ) пікірсайыстар, жазбаша меморандумдар, баяндамалар мен талдау мәліметтері арқылы Қазақстан Республикасының Басшылығына мына салаларда ресми емес негізде консультациялар беру үшін құрылды:

- 1) макро және микроэкономикалық саясат;
- 2) монетарлық және қазыналық саясат;
- 3) экономикалық заңдар;
- 4) инвестициялық саясаттың экономикалық ынталандыру мен тетіктерін талдауды қоса алғанда, инвестицияларды тарту бағдарламалары;
- 5) өнеркәсіптік базалық салаларын, әсіресе жоғары технологиялық секторларды, ауыл шаруашылығын, қаржы секторы мен инфрақұрылымды дамыту мәселелерін қоса алғанда, стратегиялық жоспарлау;
- 6) адам ресурстарын дамыту, еңбек, денсаулық сақтау, білім беру саласындағы әлеуметтік бағдарламалар;
- 7) басқарудың, мемлекеттік қызметшілер кадрларын даярлау мен қайта даярлаудың пәрменділігін арттыру мәселелері.

II. Топтың міндеттері

2. Топтың негізгі міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөнінде, сондай-ақ экономикалық өсуі, табиғат пайдаланудың тиімді тәсілдерін қамтамасыз ету мен әлеуметтік реформаларды жүргізу бөлігінде елдің тұрақты дамуының ауқымды проблемаларын шешу жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдарды талдау жасап, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына е н г і з у ;

2) Қазақстанның сыртқы экономикалық ынтымақтастығы мен әлемдік экономикалық қоғамдастыққа интеграциялануының мәселелері жөнінде консультациялар жасау үшін тартылған халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру болып табылады.

III. Топ жұмысын ұйымдастыру

3. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау үшін Топ өз жұмысына қоғамдық негізде АҚШ пен Қазақстанның жетекші корпорациялары мен банк-қаржы құрылымдарының жауапты қызметкерлерін т а р т а а л а д ы .

4. Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңес Хатшылығы Топтың жұмыс органы болып табылады.